

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№20 (7857)

Жұма  
20 мамыр  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан  
shygyady

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

## Құрметті Байланыс және ақпараттандыру саласы қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Байланыс және ақпараттандыру қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Бүгінгі таңда жаһандық дамуды коммуникация, байланыс және ақпараттандырусыз елестету мүмкін емес. Жаһандану тенденциясының өте жылдам қарқынмен дамуына әсер еткен – ақпараттандырудың дамуы.

Үздіксіз коммуникацияны қамтамасыз ету, халықтың бір-бірімен мінсіз байланысын қамтамасыз ету – зор еңбек. Бұл ретте жаңа технологиялар қолданылып, адамдардың сол техниканы игерудегі білімі орасан зор рөлге ие. Олар үнемі жаңа жобаларды меңгеріп отыру керек, сонымен қатар, үнемі жаңарып отыратын мәзірлерді игеріп отыруларына тура келеді. Сондықтан осы салада қызмет ететін қызметкерлердің еңбегі айрықша.

Елде және әлемде болып жатқан қазіргі жағдайда, яғни пандемияға байланысты көптеген процестер онлайн форматқа өткен кезде сіздердің еңбектеріңіз қоғамда ерекше сұранысқа ие болды.

Сіздердің ізденістеріңіз, қажырлы еңбектеріңіз бен сала алдында тұрған барлық стратегиялық міндеттерді іске асырудағы жауапкершіліктеріңіз үшін әрқайсысыңызға алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, амандық және алға қойған мақсаттарға қол жеткізулеріңізге тілектеспіз.

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов

## Ардақты ұстаздар және мектеп оқушылары, жас тұлғалар!

Сіздерді бүгінгі оқу жылын тәмамдайтын соңғы қоңырау мерекесімен және он бір жыл мектепте оқып, ата-ана мен ұстаздарының қуанышы болған мектеп бітіруші жас тұлғаларды бүгінгі қуанышты сәттерімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн – алтын ұя мектебін бітіріп, бала шақтан болашаққа қанат қақпалы отырған, жүректері лүпіл қағып, қимастық пен қуаныш, аңсау мен арман сезімдері араласқан жас тұлғалар үшін ең бір қимас, ұмытылмас күн.

Алғашқы қоңырау – балалық арманыңды жетелеп, білім алып, мақсатыңды айқындауға шақырса, соңғы қоңырау үні – кәмілетке толып, оң-солыңды танып, қанаттанған жастарды арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып салады.

Құрметті жас тұлғалар! Алысты барлап, кең ауқымда жанаша жұмыс жасай білетін білікті мамандарсыз өркениетті ел болуды елестету мүмкін емес. Оқуды жақсы оқу, адамгершілік пен ізгілік тәлім-тәрбие иесі болу және ата-бабалар бастаған игі істерді жалғастыру бұл сіздер қосқан үлкен үлес болып табылатыны сөзсіз.

«Білімсіздің күні – қаріп, білімдінің күні – жарық» деген халық даналығы. Сондықтан да қай кезде де терең білім алу жолында жан-жақты ізденіп, парасатты ұстанымды қалыптастырып, ел тізгінін ұстайтын азамат болуларыңызға сенім білдіреміз.

Сіздерді Ұлттық бірінғай сынамадан сүрінбей өтіп, жоғары ұпай алуларыңызға және өмірдің барлық шырқарын бағындыруларыңызға шын ниетпен тілектеспіз.

Үлкен өмір жолына басқан қадамдарыңыз құтты болсын!

Аудан әкімі  
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы  
Р.Әбеуов



Жолдау мұраты – ел мүддесі

қаңтар» мен оның қапияда көз жұмған құрбандарын еске ала отырып, алдағы уақытта тергеу жұмыстарының ашық та әділетті өтетінін баса айтты. Сондай-ақ, барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктердің мызғымас кепілі болу керек екенін айта келіп, Президенттің жақын туыстары үшін



## Референдум билікке ел

## сенімін күшейтеді

Президент Қ.Тоқаев республикалық телеарналар арқылы жасаған бейне-үндеуінде ел конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойғанын мәлім етті.

– Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет. Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды, – деді президент бейнеүндеуінде.

Қ.Тоқаевтың айтуынша, Ата Заң баптарының үштен бірі өзгереді.

– 27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата Заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе.

Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған көміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым, – деген Мемлекет басшысы конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталғанын, түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды парламенті және есеп беретін үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейтінін атап өтті.

Жалпы, осы уақытқа дейін түрлі өзгерістер болды. «Елу жылда – ел жаңа» демекші, қала мен ауыл да, саясат пен мәдениет те, сол сияқты Ата Заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ бұл өзгерістің өңі де, мәні де ерекше. Өйткені халықпен етене байланысы бар. Қарапайым халықтың пікірін сұрайтын өзгеріс.

С.Жақсыбек,

Қошқар орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

## Тәуелсіздігімізді сақтауға тиіспіз

«Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге жаңа Қазақстанды құруға кірістік», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында.

Ел Президентінің соңғы Жолдауын қуана қабылдадық. Себебі, бұл Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек.

«Екінші мәселе – өкілді билік тармағын қайта құру. Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет. Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуы тиіс», – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы «қаралы

мемлекеттік саяси қызметшілер мен квазимемлекеттік секторда жетекші лауазымдарды атқаруға және лауазымды басшылыққа тағайындалуына заңмен тыйым салынатынын, яғни әкімдер, әкім орынбасарлары партияға мүше болмайтынын нақты ескертті.

«Біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз, – дей келе, – өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай, күмәнді көрсеткіштерге алданбаймыз. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек», – деді. Мемлекет басшысының бұл Жолдауы оң реформаларды қабылдауға мүмкіндік берді. Біз өзіміздің басты игілігіміз – тәуелсіздігімізді сақтауға, ұлттық бірегейлік негіздерін бекемдеуге, елімізді трансформациялауға жұмылуға тиіспіз. Бұл – біздің болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз.

Е.Керімбай,

аудандық мәслихаттың депутаты.

5 маусым – республикалық референдум

5 МАУСЫМ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің  
АЙҚЫН 10 көрінісі

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-Т. 3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-Т. 2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы заңмен белгіленеді	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
43-бап <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ</i>	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС. 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.
46-бап 4-Т. 4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН
50-бап 3-Т. 3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім Конституциялық кеңес	Конституциялық СӨТ
72-бап <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ</i>	3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СӨТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап ЖАҢА <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ</i>	1. Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ АДАМНЫҢ және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4, 5-Т. 4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-Т. 2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасының мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.  <i>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</i>



# Мұсатаевтың еңбегі сіңген мұражай

Ақтоғай ауданының өлкетану мұражайы – қазақ халқының этнографиялық тарихынан сыр шертетін алуан түрлі, көне жәдігерлерге бай, облыс, қала берді еліміздегі таңдаулы мұражай. Ал, осы бай экспонаттардың денін дала кезіп, тау асып, тірнектеп жинап, басын құраған бірден-бір адам –




Аманкүл Мұсатаев ағамыз. Өткен аптада аудандық мұражайдың қабырғасына өлкетанушы, археолог, суретші Аманкүл Мұсатаевтың есімі жазылған ескерткіш тақта ілінді. Тақтаны ұрпақтары іліп отыр. Іс-шараны аудандық мәслихат

хатшысы Р.Әбеуов ашты. – Аудан тарихын тілге тиек еткенде, Аманкүл Мұсатаевты еске алмау мүмкін емес. Ол Бектауата баурайында туған. Алматы қолөнер училищесін, Мәскеудегі Н.Крупская атындағы өнер институтын бітірген. Алғашқыда Қарағанды қаласында жұмыс істеп, кейін туған жері Ақтоғайда бейнелеу өнері пәнінен сабақ беріп, балаларды осы өнерге

үйретеді. Аман ағаның өңіріміздің этнографиялық-археологиялық мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ол 1950-1970 жылдар аралығында заңғар археолог Әлкей Марғұланмен бірге Орталық Қазақстандағы тас бетіне салынған суреттер

мен археологиялық қазбаларды зерттеуге қатысқан. Археолог ғалымдармен қатар жүріп Балқаш, Ақтоғай, Қарқаралы, Ұлытау, Шет өңірлерін зерттеу жұмыстарына атсалысты. Аманкүл ағамыз – танымал өлкетанушы, педагог-ұстаз, суретші, 180-ге тарта полотнолардың авторы. Өужекеннің қыл қаламынан шыққан қазақ халқының белгілі Шоқан, Кенесары, Құнанбай, Абай, Марғұлан, Ағыбай, Жалаңтөс секілді тарихи тұлғаларының портреттері суреттері Бүкілодақтық көрмелерге қатысып, лайықты бағасын алған. Қазақстан Туының ең үздік эскизін жасауға қатысқан 17 суретшінің қатарында Аманкүл Мұсатаевтың болғанын, көптің бірі білсе, бірі білмейді, – деп өмір, еңбек жолына тоқталды Р.Әбеуов. Сондай-ақ, Аманкүл Мұсатаевтың көзін көрген, бұрынғы аудан әкімі С.Дүйсебеков, өлкетанушының қызы Ақтоқаш Аманкүлқызы естеліктер айтып, қазақ археология ғылымының атасы, қола дәуірінің Бегазы-Дөңдібай секілді ескерткіш кешеніне қазба жұмысын жүргізген Әлкей Марғұлан Аманкүл ағаны өле-өлгенше қатты құрметтеп, хат жазысып тұрғанын еске алды. Қарағанды медицина университетінің профессор-ассистенті

К.Әбдірахманова Ақтоғай аудандық мұражайына А.Мұсатайұлының есімін беру туралы ұсынысын білдірді. Ескерткіш тақтаның ашылу рәсімінен соң, іс-шараға жиылған қауым аудандық мәдениет үйінде Мұсатаевтың қыл қаламынан



шыққан сурет галереясын тамашалады. Сондай-ақ, рухына дұға бағыпталып, естеліктер айтылып, ас берілді. Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, Ақтоғай аудандық өлкетану мұражайы сонау тас дәуірінен бергі аралықты қамтитын құнды экспонатқа толы. Алдағы уақытта аудан басшылығы осынша мол мұраны аяқасты қалдырмай, лайықты ғимарат тауып, орналастырса деген елдің тілегі бар.

Мүсіркеп Сейдахмет.  
 («Ortalyg Qazaqstan» газетінен алынды).

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні

Дін – бірліктің дінгеі

## Жерлестеріміз жарарды



Еліміздегі жарқын кәсіби мерекелердің бірі – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні. 19 мамыр күні аталмыш мейрамға орай облыс орталығында С.Сейфуллин атындағы өнер ошағында сала мамандарының басын қосқан айтулы шара болып өтті. Облыс әкімінің жыл сайынғы «Айтын қобыз» байқауы осымен 17 мәрте ұйымдастырылып отыр. Шараға аймағымыздың түпкір-түпкірінен келген түрлі сала мамандары қатысып, 22 түрлі аталым бойынша марапатталды.

Марапат иегерлерінің арасында жерлестеріміздің есімі аталып, ауданымыздың мәртебесі артта тұрды. Мәселен, жерлесіміз, айтыскер ақын Аханов Мақсат Асылмұратұлы «Үздік айтыскер» және Ақтоғай ауданының орталықтан алынған кітапхана жүйесінің директоры Саттекова Зәлімжан Кеңесқызы «Ауылдың үздік кітапханашысы» номинацияларымен марапатталды.

Е.Айтжан.



## Байқау

### Қоржынынан

Күләш

#### Байсейітоваға арнау

Есімін әйгілі еткен шартарапқа,  
Атағын мойындатқан алты Алашқа.  
Әсем, кербез дауысымен елітетін  
Күләш та ортақ тұлға бар қазақта.

Ақтоғайды ән мен жыр, күй тербеткен,  
Талай өрен тұрақтап, мекен еткен.  
Ұлылар ұлағаты мирас болған  
Ақтоғай өнерлілер мекені екен.

Ақтоғайды тербейді Күләш үні,  
Күләш барлық Қазақтың ән бүлбүлі.  
Есімі мақтан болған Манарбек те,  
Ақтоғайдың дарабоз бір дүлдүлі.

Биікке самғасыншы жыр қарымың,  
Алысқа жаңғырсыншы шырқар әнің.  
Ақтоғай, болашағың нұрлы болсын,  
Төсінде орналасқан Сарыарқаның!

Сейілхан Рамазан,  
«Н.Әбдіров атындағы ЖББМ»  
КММ-нің 4-сынып оқушысы.



Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, діннің мемлекет саясатына араласпайтынын білдіреді. Яғни, зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы.

Зайырлы мемлекет пен қоғам, бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз, бұл – озық, толерантты, ашық қоғам.

«Зайырлы» сөзі қазақ тілінде «ашық», «айқын», «сыртқы» деген мағыналарды білдіретін араб тіліндегі «захирин» сөзінен енген. «Зайырлы» ұғымы латын тіліндегі «laicus» («лаицизм»), «saecularis» («секуляризация») сөздерімен үндеседі. «Саясаттың діннен оқшаулануы, оның табиғи-тарихи үрдіске айналуы» деген мағына береді.

Діннің мемлекеттен бөлектігіне байланысты мемлекет дін істеріне араласпайды. Зайырлы мемлекеттегі барлық діндер тең құқылы және олардың бәріне бірдей талаптар қойылады. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің ішкі ісіне (заң бұзылмаса) араласпайды, сондай-ақ, діни бірлестіктер мемлекеттік міндеттерді атқармайды. Мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге конфессиялық ерекшеліктер негіз болмайды.

«Зайырлылық» ұғымының ауқымы кең. Зайырлылық аясына гуманистік құндылықтар, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін пайдалануы кіреді. Яғни зайырлылық – әр адамның дүниетанымдық еркіндігін құптай отырып, қоғамның рухани саласындағы көптүрлілікті мойындау.

Қазір әлемдік тәжірибеде мемлекет пен дін қатынасының екі типі кең таралған. Біріншісі – мемлекет пен дін бөлек, екіншісі – мемлекетте белгілі бір дінге (дәлірек айтсақ, конфессияға немесе діни ұйымға) басымдылық немесе мемлекеттік мәртебе беріледі.

Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлек болғанмен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөлек емес. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екенін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетінін білдіреді. Мемлекет пен діннің арасында зайырлы әрі рухани құндылықтарға сүйенген жанды байланыстар орнаған.

Зайырлы мемлекеттің маңызды сипаттарының бірі – діни сенімдері мен көзқарастары әртүрлі азаматтардың бейбіт қатар өмір сүруі. Яғни, зайырлы мемлекет рухани саладағы көптүрлі қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді.

Зайырлылық ұстанымында

мемлекет өз азаматтарының сенімдеріне араласпай, бөле жармай, қандай да бір діни сенімнің келесі бір дінге қысым жасамауын, үстемдік етпеуін реттейтін функциясы бар. Мемлекеттің діни қысымды болдырмауының өзі оның демократиялық және зайырлы елдің басты қызметі. Мұны заңымыздағы «ар-ождан бостандығы», «діни сенім еркіндігі» ретінде түсінеміз. Қазірдің өзінде қоғамда «сен мен сияқты сенуің керек, мынауы ширк, мынауың бидғат, нәтижеде сен кафирсің» деген психологиялық, діни, танымдық қысымдар көрініс беруде. Осы құбылысты реттейтін де зайырлылық ұстанымының кепілі болып отырған мемлекеттік институт болуы керек. Ал мемлекеттің де демократиялық, либералистік, зайырлылық сипаты ешқандай сеніммен, діни қағидамен, дінмен қайшы келмейді. Сондықтан да тұлғаның әрі демократ, зайырлы әрі діндар болуында ешқандай қайшылық жоқ. Олай болса, «мен зайырлы емеспін, тек мемлекет қана зайырлы» деп жүрген азаматтарымыздың пікірі, мұсылмандар демократ, зайырлы бола алмайды, мұсылмандар шариятқа негізделген мемлекетті қалайды деген саяси идеологиялық қабаттарынан хабар береді деген сөз. Жоғарыда да айттық, зайырлылық сенімге, дінге, идеологияларға қатысы жоқ ұстаным. Сондықтан Қазақстан зайырлы ел, құрушысы қазақ мәдениеті, ол мәдениетте ислам басты анықтаушы дін.

Зайырлылық тек қана құлшылық пен сенім бостандығы немесе мемлекет пен діннің өзара ажыратылуы ғана емес. Зайырлылықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны діндердің және идеологиялардың қысымынан құтқару екендігін білуіміз керек. Бұл тұрғыдан келгенде, Қазақстандағы діни экстремистік бағыттар, «салафилер» мен христиан миссионерлерге өз азаматтарын беріп қою, бақылаусыз қалдыру мемлекеттің қауіпсіздігіне қанша-лықты зиян екендігін біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі қоғамдағы «салафилердің» барлық іс-әрекеттері қоғам қауіпсіздігіне кері әсерін тигізіп отыр. Ал миссионерлік ошақтары жік шығарғалы қашан. Зайырлылық мемлекеттің демократиялық, рационалды ұстанымдарға негізделуін білдіреді. Зайырлылық, әсіресе, Батыстағыдай, католик әлеміндегідей дін мен мемлекеттің емес, дін мен шіркеудің өзара ажырауын білдіреді. Ал исламда жоғарыда айтқандай, «дін адамы» немесе «дін адамы емес» деген бөлектену немесе статус, «каста» болмаған. Олай болса, республикалық жүйедегі мемлекеттердегі «зайырлылық» ұстанымын, әсіресе, ислам өркениеті мен мәдениетіне етене жақын немесе сол мәдениет негізінде құрылған мемлекеттер өзіндік комментарий жасау арқылы билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге ұмтылуы керек.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

Даңқты әнші, жерлесіміз К.Байсейітованың туғанына – 110 жыл

# Күләш әнінің рухы қалықтаған күн

Аудан орталығындағы К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) оқушыларға білім берумен шектеліп қалмай, рухани-мәдени бағытта дамуларына да жан-жақты көңіл бөлуде. Соның бір айғағы, 17 мамыр күні

терезелері бар жинамалы кітапша. Бастауыш сынып мұғалімдері Ә.Бегетаева мен А.Еденова жетекшілік ететін «Лэпбук» үйірмесінің «Күләшқа – 110 жыл» тақырыбында құрастырған жобасы Күләш апамыздың өмірінің әр

қызық» демекші, осы шараға ат арылтып келген Н.Әбдіров, С.Ибраев, Ж.Кенесбаев, Ж.Ақбай атындағы мектептерінің ұстаздары да қызу дайындықпен келгені көрініп тұрды. Оқушыларының қолдан жасалған туындылары қатысушылардың назарын өзіне аударып, мен мұңдалап тұр.

Аталмыш көрмені ұйымдастырып, өте жоғары деңгейде көрсетуге себепкер болған Жанар Аманжолованың еңбегіне алғысымыз шексіз.

Келесі кезең мектебіміздің жанашыр ата-аналарының демеушілігімен безендірілген акт залында жалғасын тапты. Байқау мектеп директоры Қ.Амралинаның алғысөзімен ашылып, болашақ ұрпақ үшін жасалып жатқан игі істерге тоқталып өтті.

Байқау шарты бойынша «Өнер бағының жұлдызы», «Өнегелі өмір», «Жырымды Күләшқа арнаймын» номинациялары бойынша эссе, ән, арнау жанрлары бойынша 8-11 сынып оқушылары бақ сынады. Әдеттегідей байқау қорытындысы бойынша жүлделі

А.Ұзақбай, Ж.Боранбай III орындарды иеленді.

«Жырымды Күләшқа арнаймын» номинациясы бойынша бас жүлде Е.Серікбекке (Н.Әбдіров), I орын А.Ыбыкенге (Ә.Бөкейхан), II орын С.Мұздыбай (С.Ибраев), Ж.Мағзұмға (Ә.Ермеков), III орын М.Аманжолұлы (Т.Ақышұлы мектебі), А.Қызатқызына (Ж.Кенесбаев) бұйырды.

«Өнер бағының жұлдызы» номинациясы бойынша I-орынды («Қарлығаш» әні) М.Тайтаева, 2-орынды Д.Түлкібай (Ыбырайдың әні «Гәккү»), 3-орынды А.Нұралықызы («Ақтамақ» әні) жеңіп алды.

Байқауға Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Г.Төлеубаева, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Шабьт» халықаралық фестивалінің лауреаты Қ.Асқаров төрелік етті.

Сондай-ақ, мектебіміздің «Сахна сазы» үйірмесінің оқушылары әдеби-композиторлық қойылым қойып, мектеп өнерпаздары би билеп, әннен шашу шашты. Аудандық Өнер мектебінің «Әуен» ансамблі, ауданымыздың белгілі әншісі Б.Мақшонова өз өнерлерін тарту етті.

Мектептің бір топ ұстаздары Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының директорының Қ.Амралина, Б.Ынтықбаева, Г.Мұрасоваларға Құрмет грамотасы, Г.Мұхтарова, А.Шарипова, А.Еденова, Г.Жұмаханова, Б.Ғабдуллиндер Алғыс хаттармен марапатталды.

Мектеп ұжымы байқауға демеушілік жасаған Е.Отыншин, С.Кемелбаева, ата-ана Р.Әбеуовке алғыстарын білдірді.

Бір мектепте ғана ұйымдастырылып өткен шара болса да, осы шараны тамашалаушылар үлкен рухани



қазақ ән өнерінің көшбасшысы, КСРО Халық әртісі, қазақтың бұлбұлы атанған жерлесіміз, күміс көмей, жезтаңдай әнші К.Байсейітова атындағы мектепте жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында «Қазақтың бұлбұлы – Күләш» атты өткен аудандық байқау.

Ақтоғай топырағы есімдері алты Алашқа әйгілі ақын-жыршы, әнші-күйші, би-батырлар мен мемлекет қайраткерлерін әкелген киелі мекен. Қазаққа талай талантты берген Ақтоғай топырағы хас өнердің жанартауы іспетті. "Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады" деп Мағжан ақын жырлағандай, алыптар бастаған өнер көшін бүгінгі ұрпақ үзбей жалғап келеді. Биыл даңқты әнші, жерлесіміз Күләш Жасынқызының туғанына 110 жыл толып отыр.

Шараны аудан әкімі Салтанат Мірәсілқызы ашып, құттықтау сөз сөйледі. Мектеп директоры Қ.Амралинаның басшылығымен ұйымдастырылған аталмыш іс-шара барысында, мектеп фойесінде «Әдістемелік вернисаж» көрмесі ұйымдастырылып, мектептің үйірме жұмыстары көрсетілді. Талантты да дарынды оқушылардың басын қосып, білім мен ғылымды ұштастырып жүрген нәтижелі жұмыстың куәсі болдық. Әсіресе, өсімдіктер мен жануарларды өндіруге қабілетті тұйық жүйе «Аквапоника» үйірмесінің жұмысы. 220 литрлік аквариумдегі балықтардың тіршілігін жан-жақты зерттеп жүрген Ж.Өмірбайдың жобасына толағай табыстар тіледік. Физика пәнінің мұғалімі, зерттеуші-педагог Г.Жұмаханованың еңбегі жоғары бағаланды. Күләш апамыздың дауысын физикалық формулаларға салып, есептемелер жүргізу арқылы дауыс түрін анықтап зерттеп жүрген оқушысы Е.Серіктің «Voice research» жобасының болашағынан зор үміт күтудеміз.

Лэпбук – бұл қалташалары, есігі,



парағынан сыр шертіп тұрғандай болды. Кішкентай өрендеріміздің ғылымға қызығушылығын арттырып жүрген Н.Жарылғаптың «Гидрогель» жобасы өсімдіктерді ұзақ уақыт қалыпты ылғалда ұстап тұру ортасын зерттеу болып табылады. Жаңа заман талабына сай жүргізіліп отырған жобаның болашақта әлем елдерінің сұранысына айналары сөзсіз.

Мектебіміз жаратылыстану бағытында жұмыс жасайтындықтан, физика-математикаға ерекше көңіл бөлінеді. «Қызықты физика» үйірмесі аясында «Планеталар әлемі» жобасын ұсынған Г.Қабдолланың планеталардың қозғалысын визуалды зерттей отырып, өзі құрастырып шығарған туындысы ерекше ықыласқа бөленді.

Сонымен қатар бірнеше облыстық байқауларда бәйгесін қанжығалап жүрген «Робототехника» «Қолөнер» үйірмелерінің жетекшілері Ұ.Егінбаев, А.Қабыхан, С.Әбеннің, С.Бектұрғанованың еңбегін ерекше атап өтуге болады.

«Тойдың болғанынан боладысы



орындар анықталып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табысталды.

«Өнегелі өмір» номинациясы бойынша жүлделі орындар төмендегі ретте Н.Түсенов бас жүлде, Е.Мағау I орын, Е.Ақжолтай, Ж.Есентай II орын, Ә.Болатбекұлы, И.Сабыржан, Д.Белғазы, Н.Нығметов, Н.Жақсылық,

сусындап, Күләш әлеміне саяхат жасап, әсерлі көңіл-күймен тарқасты.

**Пальмара Ермекова, К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО) мұғалімі.**



«Жасыл ел» жобасының негізгі міндеті – жастарды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу. Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандырумен айналыса отырып, жас ұрпақ отбасылық бюджетті толықтыруға мүмкіндік алып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын игереді, өз бойында қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастырады.

«Балалар жылы» деп жарияланған 2022 жыл Қарағанды облысындағы «Жасыл ел» үшін үлкен өзгерістер әкелуде. Жобаны іске асыруға биылғы жылы жергілікті бюджеттен 289 млн. теңгеден астам қаражат қарастырылған, бұл өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда екі есе көп

## «Жасыл ел-2022»: дамудың жаңа кезеңдері



(137,4 млн.). Бұл ретте қаражаттың негізгі бөлігі қалалар мен аудандардың бюджеттерімен бөлінеді, өз кезегінде бұл жағдай жоба қатысушыларына жалақының уақытылы төленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1-31 наурыз аралығында өткізілген құжаттарды қабылдау қорытындысы бойынша 2022 жылғы еңбек маусымына 2,5 мыңнан астам өтініш қабылданды. Айта кету керек, жаңа маусымда ниет білдірушілердің үлкен легі байқалады, бұл оқушылар мен студенттер арасында «Жасыл ел» жобасының танымалдығының артуын көрсетуде.

Өтініштерді қарау нәтижесінде 2 211 адам жұмысқа орналастыру мақсатында іріктеліп алынды. Мұнда халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жасөспірімдерді «Жасыл ел» қатарына қабылдау басымдылығын атап өту маңызды. Жаңа маусымда қатысушылардың 39%-ға жуығы мемлекет тарапынан ерекше қолдауды қажет ететін жасөспірімдер: көпбалалы отбасылар (380 адам), толық емес отбасылар (261 адам), аз қамтылған отбасылар (106 адам), «қандастар» санаты (63 адам) және жетім балалар (52 адам).

Ең көп қамтуды Қарағанды (350 адам), Теміртау (300 адам) қалаларында және Бұқар жырау ауданында (180 адам) ұйымдастыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, биылдан бастап «Жасыл ел» жобасы аясында еңбекке ақы төлеудің жаңартылған моделі қолданылатын болады, оған сәйкес қатысушылардың жалақысы жұмыс істеген сағат көлеміне байланысты 60 мыңнан 90 мың теңгеге дейін құрайды. Барлық қатысушылар спорттық костюм ретінде қолдануға болатын «Жасыл ел» фирмалық киімімен қамтамасыз етіледі. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 47 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

«Жасыл ел» XVIII жазғы еңбек маусымының ашылуы 27 мамырда жастар спартакиадасы форматында өтеді. Еңбек маусымы 1 маусымнан 31 тамызға дейін жалғасады.

Жасалып жатқан жағдайларды «Жасыл ел» қатысушылары мен ата-аналар қоғамдастығы лайықты бағалайды деп ойлаймыз.

«Жасыл ел» – жазды пайдалы өткізі!

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері



жөніндегі басқармасы.

## Құттықтаймыз!



Әйгерім Шахибалқызы!

Сізді мектеп ұжымы атынан 30 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әйгерім Шахибалқызы, алғаш өмір жолын бастаған киелі мектептің ақсөңілі, білімді мұғалімі болғаныңызды мақтан етеміз.

Ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, мамандығыңызды шынайы сүйетін, білім мен ғылымды игеруде ілгері ізденіспен көзге түскен, алдыңызда кездескен қиындықтарды қасқайып күтіп алып, оларды өткеруге үнемі дайын тұратыныңыз, компьютерлік сауаттылығыңыз, мұның барлығы да сіздің біліміңіз, мейірімге толы жүрегіңіздің арқасы. Туған күніңізбен құттықтай

отырып, жастық келбет пен пысықтығыңыз сізге мәңгілік серік болсын дейміз. Деніңіз сау болып, осы жастың әлі үшеуін жасаныз!

Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасы.

Таусылмайтын ұстазым, бақ тілейміз, Қуанышы, шаттығы көп сәт тілейміз. Еңбегіңіз бағаланып жоғарыдан, Әйгерімдей мақтаулы маман дейміз!

«Жақып Ақбай атындағы НОМ» КММ ұжымы.  
Қараменде би ауылдық округі, Ақтас ауылы.

## Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«АК Алтыналмас» АҚ «Карьерная-Долинное тау-кен жұмыстарының учаскесінде 10 кВ бір біртүзбекті ЖЖ құрылысы» жұмыс жобасына бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Көпшілік талқылау ecoportal.kz сайтында 31.05.2022 ж. және 06.05.2022 ж. аралығында өтеді. Жобалық материалдар БЭП порталында 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Мүдделі жұртшылықты қоғамдық талқылауларға қатысуды сұраймыз.

Жобалық құжаттамаға Тапсырыс беруші – «АК Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Республика алаңы, 31 ғимарат.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс. Тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic/Index?kind=&begin=31/05/2022&end=06/06/2022>

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(-лері): [info@ecoexpert.kz](mailto:info@ecoexpert.kz); [svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz](mailto:svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz); 8 (7212) 42-56-17.

АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале (ЕЭП) по Разделу Охраны окружающей среды (РООС) к рабочему проекту «Строительство одной одноцепной ВЛ 10 кВ «Карьерная-Участок горных работ Долинное» Карагандинская область, Ақтоғайский район.

Публичные обсуждения будут проходить на сайте ecoportal.kz в период с 31.05.2022 по 06.06.2022 года. Проектные материалы будут доступны в течении 5 рабочих дней на портале ЕЭП. Заинтересованную общественность просим принять участие в публичных обсуждениях.

Заказчик проектной документации – АО «АК Алтыналмас». БИН 950640000810. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, пл. Республики, 15.

Разработчик проектной документации – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Лободы, строение 40. Тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic/Index?kind=&begin=31/05/2022&end=06/06/2022>

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: [info@ecoexpert.kz](mailto:info@ecoexpert.kz); [svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz](mailto:svetlana.rozhmanova@altynalmas.kz); 8 (7212) 42-56-17.



### Community Notice

#### Тікұшақпен жүргізілетін әуе зерттеуі

«Қазақстан Фортескью» ЖШС 2022 жылдың маусым айынан бастап шамамен бес ай бойы тікұшақтан аэрогеофизикалық зерттеу жүргізеді.

Зерттеу барысында Жердің табиғи магнит өрісінің вариациялары өлшенеді және Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында төрт аумақ қамтылады. Зерттеу учаскелеріне ең жақын орналасқан ауылдар: Қарағанды облысындағы Ақши, Сәуле, Жәмші және Шығыс Қазақстан облысындағы Жорға, Емелтау.

Зерттеу тәуліктің жарық уақытында, аптасына жеті рет, жерден 30 м биіктікте 400 м аралықпен ұшатын тікұшақпен жүргізіледі. Тексеру кезінде радиация сәулеленбейді.

Қосымша ақпарат алу үшін бізге хабарласыңыз: +7 775 235 77 22 немесе [kazakhstan@fmgl.com.au](mailto:kazakhstan@fmgl.com.au)




#### Воздушное исследование с вертолета

ТОО «Қазақстан Фортескью» проведет вертолетное аэрогеофизическое исследование с июня 2022 года в течение примерно пяти месяцев.

В ходе исследования будут измерены вариации естественного магнитного поля Земли и охвачены четыре участка в Карагандинской и Восточно-Казахстанской областях. Ближайшие к участкам изыскания села: Ақши, Сауле, Жәмші в Карагандинской области и Жорға, Емелтау в Восточно-Казахстанской области.

Исследование будет проводиться в светлое время суток, семь дней в неделю с вертолетом, летящим на высоте 30 м над землей с интервалом в 400 м. При обследовании радиация не излучается.

Для получения дополнительной информации свяжитесь с нами по: +7 775 235 77 22 или [kazakhstan@fmgl.com.au](mailto:kazakhstan@fmgl.com.au)



# Ұстаз – ұлы есім



Ұстаз рухы таза, ой-өрісі биік шыдамдылық пен табандылықты талап етеді. «Алты Алаштың баласы басын қосса, төрдегі орын – ұстаздікі». Ұстаздық жолда талай жылдардың тақымын тартып, адымдап алғанық басып, білім шыңына шығып, талай белестерді бағындырған ұлағатты ұстаз туралы сыр шертпекпін. Асыл қасиеттерді бойына дарытып, әдемі қартаюдың, әдемі өмір сүре білудің тамаша жолын көрсеткен Асылбеков Оңғарбек ұстазымыз. Кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған ұстазымызды әрқашан мақтан тұтып келеміз. Өмір жолында еңбексүйгіштікке үйретіп, жамандықтан сақтандырып отыратын асыл жан туралы жиі еске аламыз.

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан өтпейтін шәкірт жоқ шығар. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жөн сілтейтін шамшырақ шам секілді. Ұлағатты ұстаздарға бүкіл адамзаттың бас иетіні содан болар. Ұстазымыз көзінің тірісінде өткен өмірін ой елегінен өткізіп, күрсіне отырып айтатын: – Ауыл азаматтары, мұғалімдер соғысқа аттанып кетті. Мектеп жабылды. Мен сияқты 12-13 жастағы балалар тылда тынбай еңбек еттік. Мал бағу, егін салу, орақпен егін егу, мал азығын қысқа дайындау, шөп машинасының басына мініп, өгіз арбамен қыстақ малына шөп тасу, мая салу, оны қоршап шарбақ тоқу, тал кино, тасу жұмыстарын істедік. Қ.Нұржанов атындағы мектепте мұғалім, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары болып, 25 жыл қызмет жасадым.

«Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі», Қазақ ССР Құрмет грамотасымен, бірнеше аудандық, облыстық грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталды. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 55 жылдығына орай «1941-1945 ж.ж. Соғыс ардагері» төсбелгісін алды. Жидебай селолық округінде соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық жұмыстар атқарды. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір жолында мойымай күресіп, болашағының жарқын жолын қалыптастырады. Сол себепті халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген. Бүгінде қандай да бір жетістікке жетіп жатсақ, өмірі өнеге болған дархан, білімді, білікті, абыройлы Оңғарбек ұстазымызбен мақтанамыз. Сыпайы қалжыңымен мейірімді, жүрегі жұмсақ болатын. Балаларға ұрысқанда айтатын сөзі әлі есімде қалыпты: «Әлі сендер жүргізетін трактор да, істейтін жұмыс та болмайды, бәрін кнопка басқарады» – деп.

Әулеттің биік бәйтерегі, саялы ғұмырлық бейнетінің жемісін жеп, немере сүйіп келе жатқанда Алланың жазуымен өмірден озса да, өзінің бар ғұмырын шәкірттер тәрбиелеуге арнаған ұстазымыздың өмірі бәрімізге үлгі боп, барлық саналы ғұмырын өмірінің соңына дейін бала тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы шығар. Ұрпақтан-ұрпаққа аңыз адам боп қалатыны.

**Қ.Нұржанов атындағы мектепті бітірген түлектердің атынан: Нәсіп Климқызы.**

## Еске алу

**Лиза Төлеуханқызы Төлеубаева** – саналы ғұмырын ұстаздыққа арнап, артында шәкірттер қалдыра білген ұлағатты ұстаз. Қолымызға қалам ұстатып, әріп үйреткен аяулы ұстаз бейнесі көз алдымызда. Лиза Төлеуханқызы білім беріп қана қоймай, әр шәкіртіне жіті көңіл аударып, әр шәкірті бойына адамшылықтың асыл қасиетін сіңіре білді. Өскелең жас ұрпақ бойында білімі бар жастар ғана көш бастап, еліміздің тірегі болатынын түсіндіре келе, үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидасын әр шәкіртінен талап ете білді.



Біз Лиза Төлеуханқызының ізетінен өткен Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 2001-2012 ж.ж. шәкірттеріміз.

Сыныбымызда әр оқушыға ұстаздық біліммен қатар, мейірімін де сезіне білуші едік. «Жақсы ұстаз – мектептің жаны, айнасы іспетті» демекші, Лиза Төлеуханқызы «Дара ұстаз» бола білді. Әрбір шәкірттің өзі сыйлап, құрметтеген, тәлім алған аяулы ұстазының бейнесі көкірек көрігінде, жүрек түкпірінде сақталуы заңдылық. Биыл біздің сыныбымыздың мектепті аяқтағанына 10 жыл толса, аяулы ұстазымыздың бақиға аттанғанына 3 жыл толыпты. Біз шәкірттері аяулы ұстаз бейнесін еске алып, артында қалған ұрпағына ғұмыр жақсылығын тілейміз. Ұстазымызға осы бір шумақтарды арнаймыз:

Сіз ұстазсыз жүректерге гүл еккен,  
Адалдықты көкіректе түлеткен.  
Сіздің биік рухыңызға бас иіп,  
Еске аламыз сағынышты жүректен.  
Бар ақылын сіңдіріп санамызға,  
Білімнің нәрін құйған бойымызға,  
Үйретіп бар жақсыны берген ізгі,  
Ардақты ұстаз мәңгілік ойымызда.

Ұстазымызға топырағы торқа, иманы саламат болсын дегіміз келеді. Сіз шәкірттеріңіз үшін «дара ұстаз» ретінде әрқашан жүрек түкпіріндесіз!

**Құрметпен еске алушылар: 2001 жылғы 1 «а» сынып оқушылары.**

## Еске алу

Небір дана ғұлама ғалымдар да, жүректерінде арман оты лаулаған жеткіншектер де – алғашқы ұстазға қарыздар. Қолымызға қалам ұстатып, әріп жаттапқызын алғашқы ұстазымыз **Ардагүл Мұқатаеваны** сағынышпен еске аламыз.




Алғаш әліппенің бетін ашып, әріп танытқан, өмірдің сан-килы бұралаң жолдарын тереңінен түсініп, дұрыс шешім қабылдау жолында бағыт беріп, бойындағы адамгершілікке негізделген ізгі қасиеттердің қалыптасуына мұрындық болған алғашқы ұстазымыздың бейнесі көңіл төрінен орын алады. Бізді білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбиесін бойымызға сіңіру жолында аянбай еңбек еткен, бар білгенін үйретуден жалықпаған Ардагүл мұғалімге мәңгі қарыздармыз. Ұстазымыздың мейірім тұнған жарқын жүзі, баяу ғана қоныр дауысы жүрегімізде мәңгі сақталады. Тағдырдың ісі болмаса біздің қанатымыз бекіп, қияға самғайтын кезімізде ортамызда құшағыңыз гүлге толып, бізге ақ жол тілер едіңіз... Сіздің төккен теріңіз бен еткен еңбегіңізді ақтауға уәде береміз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, аяулы ұстаз!

Сағынып еске аламыз өзіңді,  
Болғай деп барған жері жұмақ төрі.  
Дұғамыз қабыл болып әрқашанда,  
Ұстазым, аймаласын Алла нұрғы.

**Сағына еске алушы: Ә.Бөкейхан атындағы мектептің 2022 жылғы 11 «б» сынып түлектері.**

## Еске алу

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Ә.Бөкейхан атындағы мектептің 2012 жылғы түлектері дүниеден мезгілсіз өткен асыл жандарды **Орынбай Данияр Шахибалұлы** (30.08.1994-25.05.2014) мен **Түсіпбаева Ақнұр Сағынғанқызы** (23.08.1995-09.12.2003) сыныптастары мен достары еске алады. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін аяулы



достарымыздың азаматтық келбеті, жарқын жүздері, кірбің шалмас көңілдерін сағынышпен еске аламыз.

Басыңа іс түссе жұбататын, қуансаң бірге қуанатын, әзілі мен әңгімесі жарасқан, бір-біріне деген сый-құрметі ерекше сыныптастар едік. Амал не?! Қағарымыз селдіреп, өмірден ерте озған достарымыздың орны ойсырап тұр.

10 жыл ғана бітіргелі мектепті,  
Осы жылдар ортамыз да сирепті.  
Қара жерге қимайтын қайран достар,  
Жіні еске аламыз біз сендерді.  
Бүгін, міне, біз түлектер жиыламыз,  
Данияр, Ақнұр марқұмды еске аламыз.  
Адам қонақ бұл өмірге – ақиқат,  
Қабыл болсын, сендерге деген дұғамыз.  
Өмір жалған, өтпелі екен қас-қағым,  
Жанға жара салатұғын, басқа мұң.  
Сағынышпен еске аламыз өздеріңді,  
Жастайыңнан бірге жүрген достарың.  
Жұлдыздары ерте сөніп көгіңде,  
Қимайтұғын достар еді өлімге.  
Жатқан жері жайлы болсын, торқалы,  
Орын бұйырсын пейіштің қақ төрінде!  
Сыныптастарымызды еске ала отырып, жандарың жәннатта, тәңдерің рахатта болсын, қабірлерің иман нұрымен нұрлансын деп Алладан тілейміз.

**Ә.Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебінің 2012 жылғы түлектері.**

## Еске алу



Бауырымыз **Жакупов Еркін Ғайноллаұлының** бұл өмірден бақилыққа өткеніне 10 жыл толады. Марқұм туғанымыздың о дүниеде алдынан жарылқап, орны жәннаттың төрінде болсын деп аруағына дұға бағыштаймыз. Оның жарқын бейнесі, ортамызда жүргендегі ақыл-ойы,

парасатты іс-қимылы көз алдымызда. Жан-жағына жанының жылуын төккен, туған-туыстарына кең құшағын ашқан, асыл азамат болған бауырымыздың бейнесі көз алдымызда. Бауырымызды сағына еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.

Ақ көңіл адам едің аңкылдаған,  
Ешқашан кісі көңілін қалдырмаған.  
Әкетті тосын ажал арамздан,  
Кеуденде кетті-ау арман айтылмаған.

**Еске алушылар: бауыры Жоламанның отбасы.**

После смерти **Антонова Юрия Алексеевича** умершего 05 ноября 2021 года, открыто наследственное дело. Наследники за оформлением своих наследственных прав могут обратиться к нотариусу Ақтоғайского района Кишкентаевой Саягуль Бекмоллаевне, по адресу: село Ақтоғай, ул. А.Бөкейхана, дом 19.

«Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің ұжымы аталған мекеменің шаруашылық меңгерушісі Тұрсынбаева Гүлмираға, ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері Бекіш Берікболға бауырлары **Тұрсынбаев Серіктің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.


# ҚИЯФА ҚАЖАЫН ҚАЖЫЛЫҚ ДАР!



Құрметті мектеп бітіруші түлектер, баршаларыңызды мектеп бітіру күндеріңмен құттықтаймыз! Осыдан 11 жыл бұрын тарыдай болып мектеп табалдырығын аттаған балалар, бүгін таудай болып жаңа өмірге қадам басқалы тұрсындар. Осы аталмыш қуаныш біздің де әулетімізде жаңғырып жатыр. Отбасымыздың көз қуанышы, қырдың қызғалдақ гүліндей болып құлпырған баламыз **Боранкүл немересі Аружан Аманғазықызы** және әулеттің құда баласы **Қабылда немересі Бақытбек Талғатұлын** өмірдің бір белесі мектеп бітірген қуанышты күндерімен құттықтаймыз! Құлындарымызға келер күні болатын ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттап, қалаған мамандықтарының иесі болуына тілектеспіз! Сендердің қуанғандарың әулеттің қуанғаны. Асуларды асып, армандарыңа жеткендеріңді көріп, қуану үшін Алла сіздерге де, біздерге де ғұмыр берсін!

Сендерсіңдер – болашақтың тірегі,  
Сендерсіңдер – туған жердің жүрегі.  
Сендер оқып, білім алған мектептің,  
Бүгін, міне, атандыңдар түлегі.  
Аружанмен қатар өскен Бақытбек,  
Армандарға жетіңдерші асып тек.  
Құзар шында қанат қағып ұшсаңдар,  
Ата-ана үшін осыны айтам бақыт деп.

**Ігі тілекпен: әжең – Аманкүл, ата-анаң – Аманғазы-Дария, апа-жезделерің – Әлия-Нұржан, Алтынай-Нұржан, Арман-Акерке, Нұрбол, Аида.**



Құрметті ұлымыз **Саттарбек Рамазан Құттыбекұлы!** Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Алға қойған мақсаттарың орындалып, болашағың жарқын, келешегің кемел, бауырларыңның мақтанышы болып, қалаған мамандық иесі бол. Әр жақсылығына ортақпыз, тілекшіміз. Әрқаз алдыңнан ақ жол ашылып, алған білімің өзіңе жолбасшы болсын!

Құрметті 2022 түлектері,  
Барасыздар өмірді гүл еткелі.  
Әр жылы осы күні қимастықпен,  
Соғады ұстаздардың жүректері.  
**Ігі тілекпен: Боранбай-Айнұр, Серғазы-Гүлден, Бота-Перизат, Азамат-Ақнұр, Нұрғай, Гүлбахром, Амангүл, Меруерт.**



Ардақты қыздарымыз **Боранбай Сымбат Қанатқызы, Маралова Жанель Мейірханқызы, Темірхан Нұрайлым Еркебұланқызы!**

Сендер мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, үлкен өмір жолында сәттіліктер жар болып, қадамдарың сәтті болсын. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырақандар! Мектеп өмірі артта қалды, алда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берулеріңді тілейміз.

Ұзап шығып тәлім алған ұядан,  
Уақыт келді қанат қомдар қиядан.  
Жолдарың болсын мына өмірде әрқашан,  
Тәңірімің күтіп тұрған сыйы алдан.

**Ақ ниетпен: атасы – Боран, апасы – Рымкүл, Сағынаевтар отбасы.**

**Құрметті Рабина Мәденқызы!**

Сізді өмір жолыңыздың ең бірінші қадамы сауатыңды ашып, хат танытып, сана-сезімді адами қасиеттермен нәрлендірген алтын ұя мектебінді бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Алға қойған арман-мақсаттарыңа келер күні болатын ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, қалаған мамандық иесі болуыңа Алла жар болсын! Ата-ана, ағайын-туыс пен құрбыларыңның арасында гүлдей жайнап өсе беріңіз. Жолыңыз ақ болып, алар асуыңыз биіктен болсын!

Соғылған соңғы қонырау,  
Серпін берсін бойыңа.  
Тілейміз ақ жол алдыңа,  
Сынақтарға мойымай,  
Бармақтай бақ бұйырып,  
Бақыт қонысын басыңа!

**Құрметпен: Жаңабергенөвтер әулеті.**



Көктемнің гүліндей боп құлпырған, жүрегінен арманға деген жыр тұнған, әулетін қуанышқа бөлеген, кеше ғана тарыдай болып кіріп, бүгін өзіңнің сүйікті мектебінен таудай болып шығып отырған **Аяулым Маратқызын** мектеп бітіруімен шын жүректен құттықтаймыз! Аңсаған арманыңа жетіп, үлкен өмірге қадам басқан болашағың сәтті болсын. Тәуелсіз еліміздің ең сүйікті азаматшасы бол. Қадамың құтты болсын!

Балалық шақ, қызықтар көп мектебінде,  
11 жылдай білім алып көктедің де.  
Бүгін, міне, болашаққа қадам бастың,  
Қуанамыз арманыңа жеткеніңе.

**Ақ тілекпен: атасы – Аманғай, әжесі – Нұргүл, аға-жеңгелері – Ерболат-Алтынгүл, Айдос-Айгерім, апа-жезделері – Дәулет-Айнұр.**

**Сүйкімді жиеміз Аяна Нұржанқызы!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасар сәт – соңғы қонырау салтанатымен құттықтаймыз! Әрдайым жүзің нұрға, өмірің жырға толып, алдан кездесер биік шыңдар, асқар таулардан асып, жұлдызың жарқырай берсін. Қанатың талмай, алға қойған мақсаттарыңа жете бер!

Арманыңның мініп үміт кемесін,  
Қанатыңды қияларға кересің.  
Бағындырып білім шыңын, ертең-ақ,  
Еңбегіңнің жемісін де тересің.

**Тілек білдіруші: нағашы атасы – Қуандық, апасы – Бақытгүл, әпкелері – Жанаргүл, Анель, аға-жеңгесі – Ерсін-Аида, Жүрсін, бөлелері – Әлихан, Әлішер, Шерхан, сіңлісі – Ару.**

Аяулы да ардақты, сүйкімді қызымыз **Аман немересі Саяжан Нұржанқызы!**

Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін, Саяжан, бүгін міне, сол мектептің 11-сыныбын абыроймен аяқтап, үлкен өмірге қанат қағып барасың. Алдағы үлкен өмірдің сан тарау жолдарында қанатың талмай, барлық ізгі армандарыңа сүрінбей жетуіңе шын жүректен тілектеспіз.

Айналайын, қызым! Ананның үкілеген үмітісің, сол үмітін ақтап, бауырларыңның көз қуанышы бол. Ең бастысы, денің сау болып, өзің қалаған оқуға түсіп, мықты мамандық иесі болып, болашағың жарқын, өмір жолың ашық болсын. Алла сенің әр басқан қадамыңды сәтті қылсын!

**Ақ тілекпен: атасы – Аман, әжесі – Нескен, анасы – Әселім, ағасы – Бексұлтан, бауыры – Қаракат.**



Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Алдияр Айдынұлы, Акерке Айдынкызы, Диас Ермекұлы!**

Сендерді мектеп бітіру қуаныштарыңмен құттықтаймыз! Үлкен өмірге аттаған қадамдарыңа гүл бітсін. Алдағы өмірлеріңде тек сәттіліктер серік болсын. Жолдарың ақ, көңілдерің көтеріңкі болып, алдағы сынақтардан сүрінбей өтіңдер. Еліміздің өркендеуіне күш салатын мамандықтарың иесі атанып, ата-аналарыңның, білім берген ұстаздарыңның мақтанышы болады деген сенімдемсіз. Ақ жол, сәт сапар болсын! Ата-ананың орындалып тілектері, Білімге жолды салып жүректері. Орындалып ұстаздың тілектері, Ұядан қанат қағып ұшқалы тұр, Байсейітова мектебінің түлектері.

**Ізгі тілекпен: көршілері – Ергалы-Илла, Айнұр, Базаргүл, Қайрат-Арай, Нұрғалы-Венера, Рашид, Нұрсұлтан-Жанна, Аманкүл.**

Құрметті мектеп бітіруші жас түлектер **Сағатбек Серікбол Сағынбекұлы, Есім Әминна Мамырбекқызы, Сағат Нұрсәуле Абзалқызы, Совет Арман Талғатұлы, Зарузада Мадина Төлегенқызы, Медет Ернұр Ғибратұлы, Ислам Саятұлы, Зекен Диас Ермекұлы, Мұхамедияров Ержан Досымұлы!**

Үлкен өмірге қанат қағып барасындар. Қанаттарың талмасын, биіктерге шырақандар! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітірулеріңе тілектеспіз. Таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, кәсіпқойы болындар. Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берулеріңді тілейміз.

Алтын ұя мектептің тұлпарлары, дүлдүлі,  
Жұлдыздары жүректің жетілдіңдер бұл күні.  
Бірің хақим, ал бірің болыңыздар гүлама,  
Мың дауыспен сайраған, өмірдің бұлбұлы.

**Ігі тілекпен: Қанат-Нұрила, Нұрлан-Гүлден.**

Құрметті қызымыз **Ерлен Меруерт Серғазықызы!** Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз!

Алға қойған мақсаттарың орындалып, болашағың жарқын, келешегің кемел, бауырларыңның мақтанышы болып, қалаған мамандығыңның иесі бол. Әр жақсылығына ортақпыз, тілекшіміз. Әрқаз алдыңнан ақ жол ашылып, алған білімің өзіңе жолбасшы болсын!

Арманыңда, жаныңда жалын ән бар,  
Жас талапкер, сөзіме көңіл аудар.  
Бұрынғыдай күтпейді мектеп сені,  
Бұрынғыдай соғылмас қоныраулар.


**Ігі тілекпен: Бота-Перизат, Боранбай-Ақнұр, Құтжан-Жамал, Азамат-Ақнұр, Нұрғай, Амангүл, Гүлбахром, Меруерт.**

Аяулы қызымыз **Сейітмұхамбет Аида Еркінқызын** бүгінгі мектеп бітіруімен шын жүректен құттықтаймыз!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге шырақ! Жоғары оқу орнына оқуға түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте берудіңді тілейміз.

Үлкен өмір жолына бастар қадамың сәтті болсын! Ақ жол, сәт-сапар!

**Ізгі тілекпен: папаның кластастары – Нұргелді-Индир, Нұргелді-Шакизат, Азамат-Ақнұр, Қуанышбек-Айзат, Назым-Бекзат, Руслан-Саламат, Азамат-Қарлығаш, Бекзат, Қанағат, Еламан-Диана, Руслан-Женіс, Саят-Гүлмира, Шалқар-Жанар.**



# ҚИЯҒА ҚАЖАЫ ҚАЖЫЛЫҚДАР!



Қадірлі балаларымыз **Орман Аяулым Маратқызы, Нұрлан Айна Нұржанқызы!**

Сендерді алтын ұя мектеппен қоштасқан соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа өмірге қанат қаққан бұл күн сендердің өмір атты ұлы дарияның ақ желкеніне ілесіп, өз мақсаттарына бет алған ұмтылмайтын аяулы да қуанышты сәт болып отыр. Осы жолда білімнің биік шыңынан көріне беріңдер. Өздерің сүйген мамандық иесі болуларыңа тілектеспіз. Дендерің сау, шаттық-қуаныштарың мол болсын. Әрдайым жүздерің нұрға, өмірлерің жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңа жете беріңдер.

Сұңқар болып самғандар биіктерге,  
Құт дарысын, бақ қонып өздеріңе.  
Арманның асқарына құлаш сермеп,  
Толы болсын өмірлерің жеңістерге.

**Ақ тілекпен: аудандық «Ақтоғай аяғу» газеті редакциясының ұжымы және ардагерлері.**

Құрметті баламыз,  
бауырымыз **Сейітжан Әсел Мазайбекқызы!**

Арманның асқарына құлаш ұрып, алтын ұя мектебіңмен қоштасып отырсың. Бұл күн сенің өмірдің ақ желкеніне ілесіп, өз мақсатыңа бет алған ұмтылмайтын ең ғажап, қимас сәт болып отыр. Саған осы ақжолтай сапарыңда білімнің биік шыңынан көріне бер, алдында тұрған сынақтарда сүрінбей, болашағыңнан үміт күтіп отырған туғандарыңның сенімін ақтап, еліңнің, халқыңның кәдесіне жарар білікті, парасатты адам бол, қанатың талмасын деген ақ тілегімізді жолдаймыз. Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға толсын. Денің сау болып, ортамызда аман-есен жүре бер дейміз.

Орындалсын аңсап жүрген арманың,  
Арайланып атсын нұрлы тандарың.  
Туған елдің көк байрағын көтеріп,  
Биіктерден көріне бер, санлағым!

**Ақ тілекпен: әжен – Төкен, әке-шешен – Қазыбек-Сәбила, бауырларың – Гауһар, Бақытжан-Жансаия, Ақжол-Назым, Нұрдаулет, Бауыржан, Аяулым, Мағжан, Қасым.**



Бүгінгі күні алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған **Қасым Ерасыл Бегайдарұлы** осы қуанышты күнімен құттықтап, алдағы уақытта сәтті қадам болып, алдына қойған арман-мақсаттарының биігінен көрінуіне тілектеспіз. Келешегің кемел, алар асуларың биік болсын. Бейбіт аспан аясында әрдайым туғандарыңның үкілеген үмітін ақтап, ата-әженің, бауырларыңның мақтанышы бол.

Балалығың өтті міне, байқалмай,  
Нұры болғын шаңырақтың жайқалған.  
Алда – асу, армандарға жете бер,  
Қабыл болып, ақ тілектер айтылған.

**Ігі тілекпен: ата-әжен, аға-әпке, бауырлары.**



Орман ата әулетінің немересі **Маратқызы Аяулым**, шөберелері **Саяхатұлы Әлихан, Мұратқызы Жанерке, Қалқашқызы Ақнұр**, сендерді соңғы қоңырау мерекесімен құттықтаймыз!

Тәй-тәй басқан алғашқы қадамдарыңнан бастап, тәтті тіл, шат күлкі, жазу-сызуларың, мектепке барғандарың есімізде. Ел қызғығандай көрікті де көркем мінезді, білімпаз, ой-өрісі биік, жан-жақты дамып, өнерлі де ақылды болып өстіңдер. Міне, балалықпен қимай қоштасатын сәт келді. Келешек үлкен өмір есігін айқара ашқан болашақта да мақсаты айқын, арманы биік, өз мамандықтарыңның білгірі болатындарыңа сенеміз.

Ақ жол болсын, еліміздің кемел де кемеңгер тұлғасы болыңдар. Сол жолда білімдеріңді шыңдап, талаптарың мен өнерлеріңді дамытып, талмай ізденіңдер. Сендерге деген ақ тілек, ізгі ниетімізді Алла қабыл етсін.

**Ақ ниетпен: Ата-әжелерің, ата-аналарың, бауырларың.**



Құрметті мектеп бітірушілер, балаларымыз **Бекет Санжар Серболұлы, Зекен Диас Ермеқұлы және Қасым немересі Ерасыл Бекайдарұлы, Төлеу немересі Аружан Медетқызы!**

Сендерді бүгінгі алтын ұя мектептеріңмен қоштасу сәтімен құттықтаймыз! Балалықтың балын емген, әр нәрсені сылтау етіп күлген сәтерің артта қалып, өмірдің үлкен даңғыл жолына бет алдыңдар. Алдыларыңда талай биік асулар бар. Олардан сүрінбей өтіп, қалаған мамандық егесі болыңдар. Алдыларыңнан еш кедергі кезікпей, барлық сәттіліктер жолдарыңда кезіксің.

Жанарларды түйістірген сан арман,  
Барлық үміт армандардан жаралған.  
Санаға құйған білім менен тәрбие,  
Сан қайталап кездеседі әлі алдан.  
Жолың болсын, жас түлек!

**Тілек білдірушілер: ата-әжесі – Бекет-Қапиза, Сербол-Эльвира, бауырлары – Мадияр, Заңғар.**

Мектеп бітіріп отырған сүйікті қызымыз, қарындасымыз

**Нұрлан Айна Нұржанқызы!**

Сені алтын ұя мектебінді аяқтап, үлкен өмірге жолдама алған қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Тарыдай боп кірген мектебіңнен таудай болып, жаңа өмірге қанат қағып барасың. Өмірдің сан тарау жолында биік белестерге шығып, жоғарғы оқу орнын тәмамдап, қатарластарыңның алды болуыңа тілектеспіз. Әрқашан аттар тандарың арайлы болып, аңсаған арман-тілектерің орындала берсін. Еліміздің елеулі, халқымыздың қалаулы азаматшасы болуыңды тілейміз.

Үміт күттік өзіңнен, үміт неге алдасын,

Жұдырықтай жер шарың қыз қиялы шарласын.

Жатса ғалам шақырып, алаканы нұр тілеп,

Ата-баба аруағы бір өзінді қолдасын.

**Ігі тілекпен: ата-әжесі – Нұрлан-Назигүл, әке-шешесі – Нұржан-Әсел, аға-женгесі – Ержан-Айнұр, бауырлары.**



Құрметті мектеп бітіруші **Тасболат Алдияр Айдынулы, Тасболат Акерке Айдынкызы, Байтөкешов Айдос Берікұлы!**

Осыдан 11 жыл бұрын тарыдай болып мектеп табалдырғыңнан аттаған бүлдіршіндер бүгін қанаты бекіп, қияға қанат қаққалы тұр. Сендерге ақ жол тілейміз. Таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, өз істеріңнің шебері болыңдар. Аңсаған армандарыңа қол жеткізіп, әрбір саланың мықты маманы болып, еліміздің көркеюіне өз үлестеріңді қоса беріңдер дегіміз келеді.

Арманыңда, жаныңда жалын ән бар,  
Жас талапкер, сөзіме көңіл аудар.

Бұрынғыдай күтпейді мектеп сені,

Бұрынғыдай соғылмас қоңыраулар.

**Ізгі тілекпен: әжесі – Онал, Жастілек-Гүлім, Кеңжетай-Жансәуле, Алтай-Жанерке, Айбол.**



Қызымыз **Сағат Нұрсәуле Абзалқызы!**

Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз! Күні кеше мектепке жетелеп апарған бүлдіршін баламыз, бүгінде білім алып, жайқалған қызғалдақтай болып, үлкен өмірге қадам басып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге самға. Саған алдағы уақытта тек қана сәттілік жар болсын. Жетістіктерге қол жеткізіп, өмірден өз орныңды адаспай тап. Біздің мақтанышымыз бол, қуанышты күндерің көп болсын.

Биік-биік арманмен қанаттандың,  
Үлкен өмір жолына, ал, аттанғын.

Біз жүрейік есіміңді мақтан етіп,

Көзбен көріп, бәйшешек гүл атқанын.

**Ігі тілекпен: әкесі – Абзал, анасы – Жазира, ағасы – Нұрбол.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

